



**Сабақтың тақырыбы:** Салауаттылық - өмір салты

**Сабақтың мақсаты:** Оқушыларға жүрек туралы, жүректің адам өмірі үшін маңыздылығына тоқтала отырып, оны сақтап, салауатты өмір салтына тәрбиелеу..


**Сабақтың міндеттері:** Жүректің адам өміріндегі ең маңызды мүше екендігін меңгереді.

**Білімділік:** 1. Жүректі өлшеуіш құралдарымен танысады.

**Дамытушылық:** 2 Жүректі күтудің ережелерін білгізе отырып, гигиеналық талаптарды сақтауға үйрету

**Тәрбиелік:** 3. Өз денсаулығымен бірге өзгелердің денсаулығына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.






**Әдісі:** Зерттеу әдісі оқыту. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

**Түрі:** Аралас сабақ

**Көрнекілігі:** Интерактивті тақта, маркер, ватман, джилекс қондырғысы, бағалау парақшасы, адам макеті







# Топқа бөлу




Оқушыларды геометриялық пішіндер арқылы топқа бөлемін.

**1. ТОП-**




**Артерия**

**2. ТОП-**



**Вена**

**3. ТОП-**



**Қолқа**



## *II. Үй тапсырмасын сұрау.*



**Қанқа нелерден тұрады: 1- бас сүйек;  
2 – жақ сүйек; 3-жауырын; 4-төс  
сүйек; 5-қабырға; 6-қол сүйектері;  
7-омыртқа жотасы; 8-жамбас сүйек;  
9-аяқ сүйектері.**

**Адамның бұлшық еттері: 1,4-бұлшық  
еттері; 2, 3-сіңірлер.**





**Жаңа сабақ:**


**Қызығушылықты ояту**

**Видео ролик көрсету**

# Жұмбақтың шешуі




**Таппайтын тағат  
Тығулы сағат. -**



# Жұмбақтың шешуі




*жүрек*







# «Түсіну» кезеңі




**Орналасқан жері:** **Көкірек қуысының  
сол жағында**

**Құрылысы:**

**Жүрек жақсы жетілген қалың бұлшықеттен тұрады. Оның үлкендігі өз жұдырығындай ғана. Жүрек сол жақ қарынша, оң жақ қарынша, екі артерия және көктамырдан тұрады..**




# Қызметі :



**Сорап сияқты. Жүрек жиырылғанда қан күшпен қан тамырларға айдап шығарылып, солардың тарам-тарам жүйелерімен адамның барлық мүшелеріне тарайды. Қан айналым деп қанның ағзаны аралап қозғалуын айтады. Артерия, Көк тамыр, Қолқа туралы ұғымдармен таныстыру**

# Қан тамырларын ажырата білу

*Артерия*  
жүректен  
шыққан  
қанды  
тасымал-  
дайды




Жүрек

*Көк тамыр*  
жүрекке қан  
тасымалдайды





**ОҚУЛЫҚПЕН  
ЖҰМЫС**



- а) Мәтіннің мазмұнын түсіндіру.**
- б) Мәтінді іштей оқыту.**
- в) Тізбектей оқыту**

*Сергіту сәті.*

«Әнұран»





Дәптермен  
жұмыс

# ӨЗІНДІК ЖҰМЫС

«Жүректі қалай күтуге болады?»  
тақырыбындағы сауалға сыни  
көзқарастарын білдіре отырып,  
жүректі күтудің ережелерін өздері  
шығарады



«Ой қозғау» «Филвордты шешу» Деңгейлік жаттығулар

СТРУЛКБАУЫРЛЫСҚЮРЖҮРЕККЛСТЛР  
ҚАҢҚАОПРПАВЧКӨКТАМЫРДОЛРОПҚЫ  
ЗЫЛТАМЫРЬДРГПАРТЕРИЯДЩРНАВЕНҚ  
АНЕПМУШЕЛТОЛРКЛО

Шашылған әріптердің ішінде тұтас сөздер кездеседі.  
Кім көп табуға тырысады.



# « Жұптас, ойлан, бөліс»

## 4 жол өлең шығару

Достарыңды салауатты өмірге  
шақыр!

-----жәтпандар,  
-----қайтпандар.  
-----қолға алып,  
-----бастандар.

# Пайдалы кеңестер. «Сен біле жүр!»


Жүрек – қантамыр жүйесіне пайдалы тағамдардың құрамында алма, апельсин, лимон сынды жемістер бар. Мысалы, алма қандағы гемоглобиннің құрамындағы темірдің көбеюіне қажет болса, апельсин шырынын ішу қан тамырлардың жұмысын жақсартса цитрусты өсімдіктердің барлығы қан тамырлардың қабырғасын қатайтып, серпімділігін арттырады.

(Жемістер)





Бүгінгі сабақтың қалай өткендігі жөнінде оқушылар өз пікірлерін жазады. Кері байланыс жүргізіледі.





# Рефлексия:

## Білім баспалдағы.



Балаларға баспалдақ суреті салынған қағаз таратылып беріледі де, сол баспалдақтағы өзінің орнын белгілеу тапсырылады. Егер оқушы өзін сабақта жақсы сезініп, сабақты жақсы түсінсе, баспалдақтың ең биік жеріне күннің суретін салады. Ал егер сабақты дұрыс түсінбесе, сабақ ұнамаса, баспалдақтың төменгі жағына бұлттың суретін салады. Сабақта оқушының көңіл-күйі орташа болып, кейбір нәрселерді түсінбесе, онда баспалдақтың ортасына бір жағы ашық, бір жағы боялған бұлттың суретін салады.

## IV. Үй тапсырмасы беру:

« Жүрек – қан тамырлары.  
Қанның қызметі» оқып,  
түсініп келу



# Бағалау

«5» - апельсин

«4» - алма

«3» - лимон





Сау болыңыздар!

